Бекітемін
ИП «Астана» бөбекжайының
меңгерушісі Кенжетаева А.С.

Педагогикалық кеңес жоспары

2026-2027 оқу жылы

Тақырыбы, міндеттер, мазмұны	Мерзімі	Жауапты
№1-педагогикалық кеңесі **Орнықтырушы педагогикалық кеңес** **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2026 - 2027 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау» **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2026-2027 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері. 3. 2026 – 2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау: - Бөбекжайдың дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; - педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау. 4.Бекіту: - ұйымдастырылған іс-әрекеттің регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Тамыз	Меңгеруші әдіскер, мейірбике, педагогтер
№2-педагогикалық кеңес **Тақырыптық педагогикалық кеңес** **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:** МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру».		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.	қараша	Меңгеруші, әдіскер

Scanned with CamScanner

2. Тақырыптық бақылау нәтижелері: -тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау; - заттық-дамытушылық ортаны бағалау; 3. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» 4. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 5. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		педагогтер
№2 -педагогикалық кеңеске дайындық		
1. **Тақырыптық бақылау:** -тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау; - заттық-дамытушылық ортаны бағалау; 2. **«Педагог жәрмеңкесі»** педагогтердің жұмыс тәжірибесін, өзін-өзі таныстыру материалдарын дайындау.	Қазан	педагогтер
№3-педагогикалық кеңеске дайындық. Іскерлік ойын **Тақырыбы:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту және эстетикалық тәрбие. **Мақсаты:** Дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің көріністері» бейнесуреттемесі. 3. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, әртүрлі құралдардың болуын бағалау». 4. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: қызметкерлердің шаралары, міндеттері мен жауапкершілігі. 5. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер педагогтер
№3-педагогикалық кеңеске дайындық		
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбиенің	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер

Scanned with CamScanner

ерекшеліктері» оқыту семинары.		
«Педагогикалық процесті іске асыруды қамтамасыз ететін заттық-дамытушылық ортаны және шарттарды, әртүрлі дидактикалық құралдардың болуын қоса бағалау бойынша тақырыптық бақылау».	желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер
№4-педагогикалық кеңес. Қорытынды **Тақырыбы: «2026-2027 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар»** **Мақсаты:** оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыт қою: - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. №3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2026 / 2027 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2026/-2027 оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2026/-2027 оқу жылындағы қызметі жөнінде есептері. 6. 2027/-2028 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2027/-2028 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
№4-педагогикалық кеңеске дайындық		
1.Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу. 2.Ата-аналар арасында «Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізу. 3.Педагогикалық процесті ұйымдастырудың тиімділігін және балалармен бірлескен іс-әрекет формаларын талдау. 4.Медициналық көрсеткіштер негізінде 2026/-2027 оқу жылында тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау.	Сәуір – мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике

Scanned with CamScanner